

090005, Орал қ. Сырым Датұлықөш., 4/4  
тел.: 28-33-73, факс: 23-71-60  
e-mail: [Uvodok@mail.ru](mailto:Uvodok@mail.ru)  
web: <http://oralsu-zko.kz/>  
СТН 270100224053  
БСН 040840000451  
ЖСККZ18914398415BC06457  
БКСАВРКZKA

090005, г. Уральск, ул. Сырыма Датова, 4/4  
тел.: 28-33-73, факс: 23-71-60  
e-mail: [Uvodok@mail.ru](mailto:Uvodok@mail.ru)  
web: <http://oralsu-zko.kz/>  
РНН 270100224053  
БИН 040840000451  
ИИК KZ18914398415BC06457  
БИК SABRKZKA

№ 08-13/2282

08.06.2020

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Табиғи монополияларды  
реттеу комитеті  
Батыс Қазақстан облысы  
бойынша департаменті  
басшысының м.а.  
О.Кулмурзинге**

Кәсіпорында 2016-2020 ж.ж. бесжылдық кезеңге дайындалған Инвестициялық бағдарлама бекітілді, ол Орал қаласын үздіксіз сумен қамту және ағындарды бұру үшін пайдаланылатын жабдықтарға сенімділікті арттыру, энергия және ресурсті үнемдеу бойынша іс-шараларды жүргізу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін нәтижелі пайдалану мен тиімділікті қамтамасыз ету, заманауи жоғары технологиялық және энергия үнемдеуші жабдықтарды көбірек енгізу жолымен қызметтердің тиімділігін жоғарылату, қызметтерді жүзеге асырған кезде электр энергияны пайдалану мен су шығындарымен байланысты шығыстарды төмендету бойынша бірінші кезектегі міндеттердің шешілуіне бағытталған.

2016-2020 ж.ж. кезеңіне «Батыс су арнасы» ЖШС Инвестициялық бағдарламасының қаржыландыру көздері болып кәсіпорынның өз қаражаттары-амортизациялық аударымдар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының м.а. 2015 жылғы 2 қыркүйектегі №177-НҚ бұйрығына сәйкес бекітілді:

-2016-2020 ж.ж. «Батыс су арнасы» ЖШС Таратушы желілері бойынша су беру жөнінде қызметтері үшін инвестициялық бағдарлама;

-2016-2020 ж.ж. «Батыс су арнасы» ЖШС Ағынды суларды бұру және тазарту жөнінде қызметтері үшін инвестициялық бағдарлама ( мәтін бойынша әрі қарай-Бағдарлама );

2020 жылға осы Бағдарламаға сәйкес:

Таратушы желілер бойынша су беру жөнінде шығындар-134 885, 92 мың теңге мөлшерінде қарастырылған.

Ағынды суларды бұру және тазарту бойынша шығындар-123 564, 76 мың теңге мөлшерінде қарастырылған.

Қазақстан Республикасының Президенті 2020 жылдың 15 наурызында «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлық шығарды, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа COVID-19 коронавирусын пандемия деп жариялауына байланысты азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2020 жылғы 16 наурыздағы 08 сағат 00 минут пен 2020 жылғы 15 сәуірдегі 07 сағат 00 минут кезеңінде төтенше жағдай енгізілсін. Төтенше жағдайдың әрекет ету мерзімі ұзартылды және 2020 жылдың 11 мамырында біржолата алынды.

Алайда, облыс аумағында енгізілген карантиннің тәртібі сақталуда.

Қазіргі уақытта кәсіпорында қаржы қаражаттары түсімінің азаюы байқалуда, бұл ретте 2020 жылға инвестициялық бағдарлама іс-шараларының орындалмау қауіпі туындап отыр.

Сонымен қатар, кәсіпорын белгіленген минималды еңбекақымен, өз мамандарын демалысқа жіберуге мәжбүрлі, қазіргі таңда кәсіпорынның жұмысшыларын толық емес жұмыс күніне, атап айтқанда 4 сағаттық жұмыстың мәселесі қарастырылуда.

Сондай-ақ кәсіпорын «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асырды. Су құбыры және су бұру желілерін қайта жаңғырту бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін соңғы қарыз алушының ережелеріне сәйкес, яғни «Батыс су арнасы» ЖШС (кредиттік) қарыз қаражаттары ұсынылуда.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасы бойынша табиғи монополияның барлық субъектілері осындай жағдайға тап болғанын жоққа шығармайды.

Жоғарыда баяндалған деректердің негізінде және кәсіпорында күрделі экономикалық жағдайдың пайда болғанын ескере отырып, Сізден 2020 жылға инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауды алып тастауды сұраймыз.

**Бас директор**



**К.Е.Имашев**